



Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайларын меншіктеу және ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 147-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2305. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 21-тармағын орындау үшін бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайларын меншіктеу және ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығын жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті (А.Б.Есенғараев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Н.З.Нығматулинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж әне

к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайларын меншіктеу және ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығын жүргізу ережесі

Осы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ресми электрондық мекен-жайларын меншіктеу және ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 21-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және мемлекеттік органдардың электрондық почтасын пайдаланушыларға ресми электрондық мекен-жайларды меншіктеудің тәртібі мен талаптарын белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Ережеде мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

1) домен - бірегей атаумен (әріп-цифр нысанында көрсетілген домендік атаумен) белгіленетін Интернет желісінің иерархиялық атаулары кеңістігінің о б л ы с ы ;

2) бірінші деңгейлі домен - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO3166) бекіткен елдің кодымен белгіленген домен, Интернет желісінің қазақстандық сегментіне кіретін домендік атау "KZ";

3) екінші деңгейлі домен - бірінші деңгейлі доменнің қосалқы домені, оның атауына бірінші деңгейлі доменнің атауы және өз атауы кіреді;

4) пайдаланушының аты - @ символының алдына орналасқан электрондық почта мекен-жайының бөлігі;

5) Интернет (Интернет желісі) - дүние жүзі бойынша ұлттық, магистральдық, аймақтық және жергілікті ақпарат желілерін қамтитын ғаламдық ақпарат желісі;

6) интернет желісінің қазақстандық сегменті - домендік атауларына бірінші деңгейдегі домен атауы "KZ" кіретін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің жиынтығы;

7) Тіркелуші - осы Ережеге сәйкес ресми электрондық мекен-жайын тіркеуге

өтінім жіберетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы не қандай да болмасын мемлекеттік органның құрамына кірмейтін лауазымды тұлға;

8) Тіркеуші - Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және Қазақстан Республикасының қандай да болмасын мемлекеттік органының құрамына кірмейтін лауазымды тұлғалардың ресми электрондық мекен-жайларын тіркеуді және көрсетілген мекен-жайлардың анықтамалығын жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйым;

9) Тіркеу орны - Интернет желісінің қазақстандық сегменті домен атауларының тізілімін жүргізуді қамтамасыз ететін ұйым;

10) мемлекеттік органның ресми электрондық мекен-жайын тіркеу - осы Ережеге сәйкес Тіркеуші жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығында мемлекеттік органның электрондық мекен-жайы және деректемелері туралы ақпаратты есепке алу рәсімі;

11) субдомен - жоғары деңгейлі домен атының сол жағына орналасқан және одан нүктемен бөлінген домен атының бөлігі;

12) электрондық мекен-жайлар - бір доменге қатысты электрондық почтаның мекен-жайы, Web-сайты және өзге де электрондық мекен-жайлар;

13) Web-сайт - арнайы техникалық және бағдарламалық құралдардың көмегімен дайындалған электрондық өкілетті бет, оған бұқаралық тарату мақсатында ақпараттар орналастырылады (белгілі домен атауы мазмұндалған мекен-жай бойынша Интернет желісіне орналастырылған мағынасы және мазмұны жағынан біріктірілген гипермәтінді беттердің жиынтығы).

2. Ресми Web-сайттың мекен-жайы (бұдан әрі - Web-сайт) мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы электрондық почтасының ресми мекен-жайы (бұдан әрі - электрондық почтаның мекен-жайы) Тіркелушінің тіркелген домен атауына сәйкес болуы тиіс.

3. Тіркелуші пайдаланушысының атауы латын алфавитінің әріптерімен өрнектелген аббревиатурадан, символдардың өзге де жиынынан, латын алфавитінің әріптерімен көрсетілген цифрлардан, "нүкте", "сызықша", "астын сызу" белгілерінен тұрады. Пайдаланушының атауы 69 символдан артық болмауы тиіс.

4. Тіркелуші ол тіркететін домен атауын дербес таңдайды. Тіркелуші хабарлайтын ақпарат оны бір мағынада сәйкестендіру үшін жеткілікті болуы тиіс.

5. Электрондық мекен-жайларын бастапқы тіркеу кезінде біріздендіруді қамтамасыз ету және жүйелік тәсілді жасау мақсатында Тіркелушілерге мемлекеттік құрылымдардың пайдалануы үшін арнайы кейінге сақталған екінші деңгейдегі "GOV.KZ" атауы меншіктелуі мүмкін.

6. Тіркеуші мен Тіркелуші құжаттармен алмасу кезінде осы Ережеге сәйкес қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды және электрондық құжаттарды қолдануы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайларын меншіктеу тәртібі туралы

7. Тіркеуші Тіркелушілердің ресми электрондық мекен-жайларын (бұдан әрі - электрондық мекен-жайларын) тіркеуді жүзеге асырады.

8. Тіркелуші үшін тек бір электрондық мекен-жай тіркелуі мүмкін (бір ресми Web-сайт және электрондық почтаның бір ресми мекен-жайы).

9. Тіркелуші Тіркеушіге электрондық мекен-жайын тіркеуге арналған өтінімін жібереді. Өтінімде мынадай мәліметтер болады:

1) өтініш берушінің - мемлекеттік органның (лауазымды тұлғаның) толық а т а у ы ;

2) почталық мекен-жайы ;

3) телефон, факс нөмірлері (мүмкіндігіне қарай);

4) Web-сайттың және (немесе) электрондық почтаның мекен-жайы;

5) әкімшілік және техникалық мәселелер бойынша байланыс жасаушы тұлға (т ұ л ғ а л а р) .

10. Тіркеуші өтінімді алған күннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде Тіркелушіге өтінімнің нысанындай нысанда өтінімді алғанын растайтын хабарын (электрондық құжат немесе қағаз тасымалдаушыда) жібереді.

11. Тіркеуші өтінімді алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде оны өтініш берушінің атауының көпшілік қабылдаған домен атауының халықаралық талаптарына сәйкестігін тексеру және бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында қ а р а й д ы .

12. Осы Ереженің алдыңғы тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін Тіркеуші электрондық мекен-жайды тіркеу туралы шешім қабылдайды немесе Тіркелушіге тіркеуден дәлелді бас тартуын жібереді.

13. Электрондық мекен-жайды тіркеуден мынадай жағдайда бас тартылуы м ү м к і н :

1) сұралып отырған электрондық мекен-жай өзге тұлғаның атына тіркеліп қ о й ғ а н д а ;

2) Тіркелуші үшін электрондық мекен-жайы әлдеқашан тіркелгенде;

3) бір электрондық мекен-жайға бір мезгілде бірнеше Тіркелушілер өтінім б е р г е н д е ;

4) ұсынылып отырған электрондық мекен-жайдың біріздендіру мақсаттарына және көпшілік қабылдаған домен атауларының халықаралық талаптарына

сәйкессіздігі

жағдайында.

14. Тіркеуші тіркеу туралы шешім қабылдағаннан кейін тіркелген электрондық мекен-жайларды дереу Тіркеу орнына жібереді және оларды Тіркелушілердің ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығына енгізеді (бұдан әрі - анықтамалық).

15. Электрондық мекен-жайды анықтамалыққа енгізу күні тіркелу күні деп есептеледі.

16. Электрондық мекен-жайларды тіркеу бір жыл мерзімге жүзеге асырылады және әрі қарай өтініш берушінің өтінімі бойынша жыл сайын ұзартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми электрондық мекен-жайлары анықтамалығын жүргізу

17. Анықтамалық мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) электрондық мекен-жайлар;
- 2) электрондық мекен-жайлары атына тіркелген мемлекеттік органдардың (лауазымды тұлғалардың) атаулары;
- 3) әкімшілік және техникалық мәселелер бойынша байланыстарды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар туралы;
- 4) мемлекеттік органдардың (лауазымды тұлғалардың) почталық мекен-жайлары;
- 5) тіркелу күні.

Анықтамалықты құрастыруды, жаңартуды (өзектендіруді) Тіркеуші жүзеге асырады.

18. Атына электрондық мекен-жайлар тіркелген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары (лауазымды тұлғалары) осы Ережеге сәйкес анықтамалықты жүргізу (жаңарту) үшін Тіркеушіге қажетті мәліметтерді ұсынуы тиіс.

19. Анықтамалықты жүргізу қағаз және электронды түрде жүзеге асырылады.

20. Анықтамалықты баспа басылымы түрінде шығаруды, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Интернет желісінде жариялауды Тіркеуші жүзеге асырады.